

ҒАСЫР ЖАСАҒАН ЕҢБЕК АДАМЫ



Іле ауданының М.Түймебаев ауылының тұрғыны, тыл ардагері Саитова Зейнеп Мұхамбайқызы – адал еңбекпен елге қызмет етіп, бүгінгі ұрпаққа өнеге болып отырған ардақты аналардың бірі. 1936 жылы дүниеге келген Зейнеп апа бүгінде торқалы тоқсан жасқа таяп, ұрпағының ортасында бақытты ғұмыр кешіп отыр.

Балалық шағы ел басына күн туған Ұлы Отан соғысының ауыр кезеңімен тұспа-тұс келген Зейнеп Мұхамбайқызы жастайынан еңбекке араласып, тылдағы тынымсыз жұмыстарға қатысқан. Соғыс жылдарындағы қиындықты бастан өткерген жасөспірімдердің бірі ретінде елдің тұрмысын көтеруге өз үлесін қосты. Осы еңбегі үшін ол тыл ардагері мәртебесіне ие болды.

Еңбек жолының басым бөлігі байланыс саласымен тығыз байланысты. Жәпек батыр ауылында алғашқы

пошта торабы ашылған кезде қызметке қабылданып, байланыс қызметінің қалыптасуына өз үлесін қосты. Кейін Іле аудандық пошта торабында ұзақ жылдар бойы абыроймен еңбек етіп, тұрғындарға сапалы қызмет көрсетті. Ол кезде пошта саласы халық пен халықты, ауыл мен қаланы байланыстыратын маңызды көпір болатын. Хат-хабарды уақытылы жеткізу, зейнетақы мен газет-журналдарды тарату үлкен жауапкершілікті талап ететін. Зейнеп апа осы міндетті адал атқарып, әріптестерінің де, тұрғындардың да құрметіне бөленді.

Бүгінде Зейнеп Мұхамбайқызы – І топтағы мүгедек. Соған қарамастан, өмірге деген құштарлығын жоғалтпай, бала-шағасының, немере мен шөберелерінің ортасында ақылын айтып, батасын беріп отырған аяулы әже.

Адам өміріндегі ең үлкен байлық – артында қалатын ізгі ісі мен тәрбиелі ұрпағы. Зейнеп апа осы тұрғыдан алғанда нағыз бақытты жан. Ұзақ жылғы еңбегімен елге қызмет етіп, бүгінде ұрпағының қызығын көріп отырған аяулы ана әрдайым отбасының берекесі мен бірлігінің ұйытқысы.

Ардагерлер – ел тарихының тірі шежіресі. Олардың өнегелі өмір жолы жастарды еңбекқорлыққа, төзімділікке, елге адал қызмет етуге үндейді. Саитова Зейнеп Мұхамбайқызының ғибратты ғұмыры – адал еңбек пен қарапайымдылықтың, туған жерге деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі.

Ардақты ананың ғұмыры ұзақ, денсаулығы мықты болып, ұрпағының қуанышын көре беруіне тілектеспіз.

Қ. ҚОЙТАН

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Рекитт Бенкизер Хэлс Казахстан» ЖШС барлық мүдделі тұлғаларды 24.08.2026 ж. 10 жұмыс күні ішінде. <https://ndbecology.gov.kz> порталында «Дәрілік заттарды кәдеге жарату» жобасы бойынша жария талқылау өткізу туралы хабарландырады, Алматы облысы, Іле ауданы, Боралдай кенті, Менделеев көшесі 10 Е. Тапсырыс беруші және жоба әзірлеуші: «Рекитт Бенкизер Хэлс Казахстан» ЖШС, БСН 200940027779, заңды мекенжайы: 050400, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, «Көктем-1» шағын ауданы 15А, кеңсе 302. Толық ақпаратты +7 747 414 57 85 телефоны бойынша алуға болады. Ескертулер мен ұсыныстар ҚО ТРЖ ҰДБ (Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі) «Жарияланған қоғамдық талқылаулар» айдарымен қабылданады.

Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы e.mail: priroda_al@mail.ru Пошта мекенжайы: 040800, Қонаев қаласы, Құрылысшы көшесі, үй 12, тел.: 8 (72772) 2-21-15. Байланыс телефондары: 8(72823)2-96-83.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ООО «Рекитт Бенкизер Хэлс Казахстан» доводит до сведения всех заинтересованных лиц, что с 24.08.2026г. в течении 10 рабочих дней. на портале <https://ndbecology.gov.kz> состоятся Публичные обсуждения по проекту «Утилизация лекарственных средств», по адресу Алматинская область, Илийский район, поселок Боралдай, ул Менделеева 10 Е. Заказчик и разработчик проекта: ООО «Рекитт Бенкизер Хэлс Казахстан», БИН 200940027779, юридический адрес: 050400, РК, город Алматы, Бостандық район, микрорайон «Көктем-1» дом 15А, Офис 302. Для подробной информации обращаться по телефону +7 747 414 57 85. Замечания и предложения принимаются на НБД СОС и ПР (Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и природных ресурсов) в рубрике «Опубликованные публичные обсуждения»

Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области, e.mail: priroda_al@mail.ru Почтовый адрес: 040800, город Конаев, улица Құрылысшы, дом 12, тел.: 8 (72772) 2-21-15. Контактные телефоны: 8 (72823) 2-96-83.

Бәрімізге белгілі, Іле ауданында өтіп жатқан футболдан аудан чемпионатының 12-туры өз мәресіне жетті. Кезекті тур тартысқа толы кездесулермен ерекшеленіп, жанкүйерлерге әсерлі ойын сыйлады. Командалар жеңіске деген жігерін танытып, алаңда өз шеберліктерін көрсетті. 12-турда «Байсерке» командасы «Боралдай-

ІЛЕ АУДАНЫНДА ФУТБОЛ БӘСЕКЕСІ ҚЫЗА ТҮСТІ

ды» 6:2 есебімен жеңсе, «Ащыбұлақ» ұжымы «Ақшиден» 4:0 есебімен басым түсті. Ал «Ақсай» командасы «Асқар Тоқпановты» 2:1 есебімен ұтып, маңызды үш ұпайға қол жеткізді. Сондай-ақ «Байкент» футболшылары «Өтеген батыр» командасын 2:0 есебімен жеңді. Бұл турда «Қараой» командасы ойын кестесіне сәйкес демалыста болды.

Аудан чемпионатына қатысып жатқан тоғыз команда әр тур сайын жоғары дайындық деңгейін көрсетіп келеді. Жарыс тек жеңімпазды анықтау алаңы ғана емес, сонымен қатар спорттық мәдениетті, өзара сыйластықты және әділ бәсекені насихаттайтын маңызды додаға айналды.

Футбол – тәртіп пен жауапкершілікті талап ететін спорт түрі. Әр ойыншы ойын ережесін сақтап, төреші шешіміне құрметпен қарап, қарсыласқа сыйластық танытқанда ғана жарыс өз деңгейінде өтеді. Бұл – «Заң мен тәртіп – қауіпсіз қоғамның негізі» қағидатының спорттағы жарқын көрінісі.

Алаңдағы тәртіп – қоғамдағы тәртіптің айнасы. Спортшылардың тәртіпке бағынуы, жанкүйерлердің мәдениетті қолдауы және ұйымдастырушылардың қауіпсіздік талаптарын сақтауы – жарыстың жоғары деңгейде өтуінің басты кепілі. Осындай құндылықтар жастардың

құқықтық мәдениетін қалыптастырып, салауатты өмір салтын дәрiптеуге ықпал етеді.

Іле ауданында ұйымдастырылып жатқан футбол чемпионаты бұқаралық спортты дамытуға ғана емес, жастар арасында достықты, бірлікті және заңға құрметпен қарау мәдениетін нығайтуға өз үлесін қосуда. Алдағы 6 турда да



командалар арасындағы тартысты бәсеке жалғасып, жанкүйерлерді қызықты кездесулер күтіп тұр деп сеніммен айта аламыз. Барша футбол жанкүйерлерін өз командаларына қолдау көрсетуге шақырамыз! Алдағы 8 тамыз күні өтетін 13-турда да жанкүйерлерді тартысқа толы кездесулер, қызықты бәсеке мен әсерлі футбол күтеді. Командалар турнирлік кестедегі өз орындарын жақсарту үшін бар күшін салып, жеңіс жолында аянып қалмайды.

Карима ДАУТҚАН

ОСТОРОЖНО – НАРКОТИКИ!

Наркотики — это тяжелые яды, которые быстро разрушают здоровье, отнимают свободу и ведут к гибели. Они вызывают сильную зависимость уже после первых раз.

Вред для тела и ума Мозг: Органы чувств и разум перестают работать верно. Человек теряет память и контроль над собой.

- Органы: Сердце, печень и почки ломаются и гниют из-за ядов.

- Жизнь: Срок жизни таких людей очень короткий. Наступает боль, одиночество и смерть.

- Как сказать «нет»
- Твердость: Всегда говорите «нет» без страха и сомнений.

- Компания: Уходите от тех, кто зовет попровобать опасные вещи.

- Цель: Занимайтесь спортом, учебой и тем, что приносит пользу и радость.

Профилактика наркомании

ПРОФИЛАКТИКА КУРЕНИЯ У ПОДРОСТКОВ

Профилактика курения у подростков включает личный пример взрослых, доверительное общение и развитие навыков отказа от вредных привычек.

Главная цель — уберечь ребенка от первой сигареты или вейпа.

Методы профилактики

- Личный пример: Родители не должны курить сами, так как слова расходятся с делом.

- Доверительный диалог: Спокойные беседы о рисках для здоровья без криков и угроз.

- Отказ от давления: Обучение подростка говорить уверенное «нет» сверстникам.

- Поддержка интересов: Занятия спортом, творчеством и активный досуг.

- Направления работы
- В семье: Понимание эмоций ребенка, помощь в снятии стресса без сигарет.

- В школе: Лекции о вреде никотина, вейпов и электронных сигарет.

Б. ДАВЛЕТБАЕВ,
врач нарколог Илийской ЦРБ

НАСЛЕДСТВО

В связи со смертью **Нураловой Гульнары Саркытовны**, умершей 31. 01. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 45 (сорок пять дней) со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ч. В. Рашидиновой по адресу: с.Отеген батыр, ул.3.Батталханова, №17. (Повтор).

В связи со смертью **Нейман Александра Александровича**, умершего 03. 06. 2026 года, всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ф. Т. Касымову по адресу: п. Боралдай, ул. Бостанова, №27 «А»

В связи со смертью **Тригорлова Владимира Петровича**, умершего 10. 06. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Н. Д. Маметалиеву по адресу: Алматинская обл. г. Алатау мкр.Коянкус, Ул. Б. Момышұлы,

д. №61, тел.: 8 7077050490.

В связи со смертью **Опабаев Тугелбая**, умершего 25. 05. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Н. Д. Маметалиеву по адресу: Алматинская обл. г. Алатау мкр.Коянкус, Ул. Б. Момышұлы, д. №61, тел.: 8 7077050490.

В связи со смертью **Уталиевой Алии Алпысбаевны**, умершей 30. 06. 2026 г., всем заинтересованным лицам необходимо в течение 1 (одного) месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу М. А. Маметалиеву по адресу: Алматинская обл. Илийский р/н, с. Ащыбұлақ.

В связи со смертью **Копбергенова Бердали**, всем заинтересованным лицам необходимо в течение одного месяца со дня опубликования объявления обратиться к нотариусу Ыдырысовой Г.К., по адресу: село Байсерке, улица Аркабай дом №38,

Меншік иесі: «Іле тану» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Алматы және Жетісу облыстық қоғамдық-саяси апталық

Біздің мекенжайымыз: 040700, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, №24, 1-қабат. Телефон: 304-55-66, 8 747 070 14 49. e-mail: ile-tany@mail.ru эл. мекенжайымыз: www.ile-tany.kz

Газет қазақ, орыс тілінде аптасына 1 рет жұма күні шығады.

ИНДЕКСІ: 66143

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
2023 ЖЫЛДЫҢ 24 АҚПАНЫНДА ТІРКЕЛІП,
№К230VPU00065449 КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері, үндеулері, ашық хаттары редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазбалар, суреттер, фотолар қайтарылмайды.

ГАЗЕТ АПТАСЫНА БІР РЕТ - ЖҰМА КҮНІ ШЫҒАДЫ.

Газет «Принт плюс» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, С. Сейфуллин көшесі, 2 в. Тапсырыс №32 Осы шығарылымның таралымы - 10050